



Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасы сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай құрылымы белгіленсін:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 06.08.2014 N 875 Жарлығымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 158; 06.05.2016 N 253; 13.09.2016 N 329; 05.10.2016 № 349; 06.10.2016 № 350; 25.01.2017 № 412; 28.06.2018 № 707; 26.12.2018 № 806; 25.02.2019 № 848; 17.06.2019 № 17; 17.06.2019 № 24 Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Президенттің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін;
 - 2) Үкіметтің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.
3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан
Президенті

Республикасының